

Егіндікөл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 11 мамырдағы № а-5/82 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 маусымда № 6647 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 17 қазандағы № а-10/179 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 17.10.2019 № а-10/179 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 3-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Егіндікөл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Қ. Қасеновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Егіндікөл ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

E.Исабеков

F.Айтмағамбетов

"11" 05 2018 жыл

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "11" мамырдағы
№ а-5/82 қаулысына
қосымша

Егіндікөл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1-тaraу. Көтермелебудің түрлері

1. Егіндікөл ауданы әкімінің алғыс хаты.
2. Ақшалай сыйақы.

2-тaraу. Көтермелебудің тәртібі

3. Осы тәртіп Егіндікөл ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебуді ұйымдастырудың мәселелерін реттейді.

4. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелебуд мәселелерін Егіндікөл ауданы әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі – комиссия) қарайды.

5. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Ішкі істер департаменті Егіндікөл ауданының ішкі істер бөлімі" (бұдан әрі – ПБ) мемлекеттік мекемесімен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге белсенді қатысатын азаматтарды көтермелебуд турали ұсыныс комиссияның қарауына енгізіледі.

6. Комиссиямен қабылданған хаттамалық шешім көтермелебуд үшін негіз болып табылады.

7. Ақшалай сыйақыны төлеуді ПБ облыстық бюджет есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін ПБ бастығының комиссия қабылдаған шешіміне сәйкес қосымша бүйреки шығарылады.

9. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға ақшалай сыйақыны беру, Егіндікөл ауданы әкімінің алғыс хатын табыстау ПБ салтанатты жиынтында жүзеге асырылады.

3-тaraу. Ақшалай сыйақының мөлшері

10. Ақшалай сыйақы мөлшерін қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін, сонымен қатар онымен немесе оның қатысуымен құқыққа қарсы әрекет нәтижесінде келтірілуі мүмкін залалдың алдын алған көлемін есепке ала отырып, ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және 20 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК